

Жыланды ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданының мәслихатының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 34/10-IV шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі N 382 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 10 қарашада N 5-7-103 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Жыланды ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Жыланды ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерорналастыру жобасына сәйкес белгіленсін.

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Бопаев Ж. Ж.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

*Сессия төрағасы,
Ж. МАРАЛОВ*

Аудан әкімі

К. БАЙГОНУСОВ

**Б і р л е с к е н
Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2011 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 382 қаулысы мен**

№ 34/10-IV шешіміне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің
Жыланды ауылының елді мекендерінің
Экспликациясы**

Жер пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Бөгденің пайдалануындағы жерлер, га	Елді мекендерге бекітілді, га	Барлық а/ш алқаптары, га	олардан:				өзге де жерлер	ҚҮ
					егістік	көп жыл. екпелер	тыңайма	жайылым		
Аккульск ауылының жерлері	110,0	-	110,0	110,0	-	-	-	110,0	-	
Глуховка ауылының жерлері	300,0	-	300,0	272,6	-	-	-	272,6	27,4	-
Жыланды ауылының жерлері	1237,3273	8,3273	1229,0	1207,2	2,0	1,0	8,0	1196,2	21,8	3,
Босалқы жерлер	42,0	-	42,0	13,1	-	-	-	13,1	28,9	2,
«Кузембай» ф/ш	50,0	-	50,0	50,0	-	-		50,0	-	
Жоба бойынша елді мекеннің аумағы	1739,3273	8,3273	1731,0	1652,9	2,0	1,0	8,0	1641,9	78,1	3,